



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ФОРУМЫ

АДАМИ КАПИТАЛ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ РЕСУРСЫ

25 ТАМЫЗ

«АДАМИ КАПИТАЛ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ РЕСУРСЫ»

Ғылым және жоғары білім форумы-2022 аясында:

«ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ»

атты 7 томдық академиялық басылым
жөніндегі панельдік сессия





Қазақстан археологиясы ғылымының өзекті мәселелері

Ақан Оңғарұлы,
т.ғ.к., Ә. Марғұлан атындағы
Археология институтының бас директоры





Мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, уақыт өте түрлене, сабақтастықта жеткен тарихи жады мен ес, өз Отаныңның тарихы және оған деген құрмет – адамды елдің азаматы мен патриоты ететін басты түпқазық.

Тарихи жадыны жүйелі қалыптастырар тарих ғылымдары жүйесінде жазба тарихы аз сақталған Қазақстан үшін археологияның алар орны ерекше.

Еуразияның кіндігіндегі Қазақстан – әлемдік өркениетке айрықша үлес қосқан, далалық өркениет пайда болып, қалыптасып дамыған және адамзат дамуының қос моделі (қала мен дала) үйлесім тапқан киелі мекен.

Археология тарихтың кеңістік көкжиегін жүз есе кеңейткен, жас ғылым.

Екі ғасыр бұрын адамзат тарихы 3000 жылдықты ғана қамтыса, бүгінде миллион жылдық тарихты зерттеудеміз.

Елдегі археологиялық зерттеулердің үйлестіруші орталығы ретінде Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының басты міндеті:

- біртұтас ұлттық тарихты қалыптастыру үшін археология саласында әлемдік бәсекелестікке қабілетті ғылыми зерттеулер жүргізу;
- отандық археология мен тарихтағы тас дәуірінен этнографиялық бүгінге дейінгі мерзімдік шектегі іргелі мәселелерді шешу;
- алынған тарихи білім арқылы іргелі ғылыми парадигма қалыптастыру.

Қазақстан археология ғылымындағы бүгінгі өзекті мәселелерді мерзімдік кезеңдер бойынша тезис түрінде атап өтсек, олар мынадай:



- 1) Қазақстанның соңғы палеолиті үшін Еуразия континентінің солтүстігі мен шығысындағы алғашқы Homo Sapiens қоныстанған мәдени аймақтарына абсолютті анықтау әдістерін қолдану арқылы түзетулер енгізу қажет;
- 2) Қазақстан аумағындағы мезолит-энеолит дәуірінің хронологиялық шеңберін қайта қарау қажет, бұл Еуразияның көне тарихының жалпы кезеңділігіне түзетулер енгізуге мүмкіндік береді;
- 3) антропогенез және Қазақстан аумағына ежелгі гоминидтердің қоныстануы және тас дәуіріндегі археологиялық мәдениеттердің қалыптасуын кешенді зерттеу керек;
- 4) Неолит-энеолит дәуіріндегі өнімді шаруашылықтың шығуын зерттеу мәселелері.



- 1) энеолит дәуіріндегі мәдени-тарихи процестерді зерттеудегі қалыптасқан теңгерімсіздікті жою қажет. Жинақталған материалдарды жүйелеу, және жаңа ескерткіштерді ашу, ботай мәдениетінің шекаралық аймағын анықтау және энеолиттік кешендердің бір-бірімен байланыс мәселелерін шешу қажет;
- 2) Қазақстанның ерте қола дәуірінің ескерткіштері солтүстік-шығыс және ішінара солтүстік Қазақстанда ғана зерттелген. Қалған өңірлерде осы кезеңнің жекелеген олжалары ғана бар. Ерте қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеуді оңтүстік-шығыс (Жетісу) және Қазақстанның оңтүстігінде кеңейту ұсынылады;
- 3) Орта қола дәуірінің ескерткіштері бойынша жинақталған материалдарды жүйелеу және талдау жұмыстары жүргізілмеген, жеке аймақтық кезеңдіктер сыни тұрғыдан қайта қарастырылмаған. Федоров кезеңінің мәселелеріне жататын ішкі кезеңдену мен шығу мәселелерін анықтаудың нақты критерийлерін әзірлеуге байланысты жұмыстарды күшейту қажет;
- 4) Қазақстанның соңғы қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеу оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарды қоспағанда, республиканың барлық аумағында белсенді түрде жүргізілуде. Аймақтарды зерттеу нәтижелері бойынша жалпылама академиялық ғылыми еңбектер жоқ, осы кезеңнің жалпы хронологиясы жасалмаған;
- 5) Еуразиялық тау-кен металлургиялық провинция жүйесіндегі Қазақстанның тау-кен-металлургиялық аймағының және оның жергілікті орталықтарының орнын анықтау өзекті;
- 6) қола дәуірі мен ерте темір дәуірі тоғысындағы мәдени-тарихи процестерді зерттеу мәселесі отандық археология саласында күрделі мәселелердің бірі.



- 1) Қазақстандағы скиф-сақ келбетіндегі мәдениеттердің қалыптасу мәселесі және бұл үрдістегі аймақтардың алар орнын кешенді зерттеу қажет. Әр өлке тұрғындарының атаулы ескерткіштерін жүйелеу, мерзімін қайта қарау, көршілес өңірлермен мәдени байланысын зерттеу маңызды;
- 2) Тобыл маңы, Торғай, Маңғыстау мен Үстірт, Оңтүстік Қазақстанның ерте темір дәуірінің археологиясы аз зерттелген. Мұнда екі мәдени дәстүрдің орналасу ерекшеліктерін, олардың қалыптасу ерекшеліктерін және бір-бірімен және іргелес аймақтардың тұрғындарымен өзара әрекеттесуін, сондай-ақ мәдениеттердің орналасу шекараларын анықтау қажет;
- 3) Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның этномәдени процесін зерттеу контекстінде қызығушылық тудыратын Батыс Қазақстандағы ескерткіштерді Төменгі Еділ, Оңтүстік Орал, Оңтүстік-Батыс Сібір және Оңтүстік Арал синхронды кешендерімен қоса талдау және корреляциялау үшін материалдарды жүйелеу қажет;
- 4) Сырдарияның төменгі ағысындағы тұрғындардың ескерткіштерін кешенді зерттеу арқылы елімізде урбанизацияның пайда болу проблемасын зерттеу ерекше өзекті. Палеоэкономика мен әлеуметтік жүйені қалыптастыру қағидаттарын жан-жақты зерделеу қажет;
- 5) Ғұн-сармат кезеңінің (б.з.д. I мыңжылдықтың соңы – б.з. I мың жылдығының бірінші жартысы) көшпенді және отырықшы-егіншілік тұрғындарының тарихы мен мәдениетін зерттеу маңызды;
- 6) монументальды тас мүсіндерді зерттеу жеке бағыт болу керек.



- 1) Қазіргі уақытта ортағасырлық кезеңдегі Қазақстан археологиясы саласында зерттеу тақырыбы негізінен елдің далалық ареалындағы қала үлгісіндегі қоныстардың пайда болуы мен жұмыс істеу проблемаларын қозғамай, сирек жағдайларды қоспағанда (Нұр-сұлтан қаласының маңындағы Бозоқ қалашығы) Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның даму генезисін және кейінгі антикалық және ортағасырлық қала мәдениетінің дамуын зерттеумен байланысты ахуал қалыптасқан;
- 2) Қазақстанның оңтүстігіндегі ескерткіштердің басым көпшілігі үшін қалалық мәдениеттің хронологиясы мен кезеңділігі, пайда болуы, өркендеуі және жойылуы мәселелері шешілмеген күйінде қалып отыр;
- 3) Қазіргі кезде Қазақстанның түркі көшпелі мәдениетінің ескерткіштерін зерттеуді қарқынды ету керек;
- 4) Қазақстанның орталық, солтүстік және шығысындағы ортағасырлық кезеңдегі археологиялық мұраларды зерттеуді кеңейту қажет. Қазақстанның дала аймағындағы ортағасырлық қала мәдениетін, сондай-ақ Қазақстанның дала аймағындағы (Маңғыстау, Сарыарқа) Жібек жолының ортағасырлық керуен тармақтарын зерделеу жөніндегі жұмыстарды күшейту маңызды. Әлемдік ғылымдағы үрдістерді және Ұлық Ұлыс археологиясындағы проблемаларды анықтауды ескере отырып, отандық археологтар мен тарихшылардың интеграциясы, сондай-ақ Қазақстандағы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен көшпелі өркениеттің даму орталықтарының мәселелерін зерделеу бойынша бірлескен кешенді жобаларды әзірлеу қажет;
- 5) Жеке шешілмеген мәселе – кейінгі орта ғасыр археологиясы. Атап айтқанда, ғылымда ертедегі қазақтардың материалдық мәдениеті туралы деректер жоқ.



Қазақстан әлемдік тарихта Еуразияның тарихи тағдырында басты рөл ойнаған, әлемдік өркениет қазынасына айтарлықтай үлес қосқан, сан алуан ескерткіштерге сай өлке ретінде белгілі.

Қазақстанның ежелгі тарихының мұрағаттық қоры – даладағы үнсіз жатқан ескерткіштері.

Еліміздің әр өңіріндегі осы «нәзік» құжатты толық тізімдеп түгендеу республикалық науқанын жүргізбей, әр ескерткішті пәнаралық зерттеу жайлы айту ерте. Сондықтан да біз Қазақстанның тарих пен мәдениет ескерткіштерінің электронды мәліметтер базасын дайындау арқылы ескерткіштерді сақтау мен қорғаудағы өзекті мәселелерді жүйелі шешер едік деп ойлаймыз.



HAZAR TARTIŇDISTA RAHMET!